

Почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 шілдедегі N 798 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 ақпандағы
№ 74 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.02.2014 № 74 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы
Z990382_ Заңының 17-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың
тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 17 шілдедегі

N 798 қаулысымен

бекітілген

Почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың тізбесі 1. Қазақстан Республикасының аумағында почта арқылы жіберуге тыйым салынған заттар

1. Қол қаруы, атыс қаруы және суық қару, азаматтық, қызметтік қару,
оқ-дәрілер, қос қолданыстағы арнайы техникалық құралдар, оларға арналған
жинақталымдар.*

2. Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар.

3. Ядролық материалдар, радиоактивті, күшті әсер ететін, ойып түсетін,
жарылғыш және тез тұтанатын заттар, жару, пиротехника құралдары және басқа
да қауіпті заттар.

4. Улар, улы жануарлар, заттар, өсімдіктер мен тұқымдар.

5. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы мен шетелдік валюта.**

6. Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылымын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық басылымдықты, қатыгездікті уағыздауды, зорлықты және порнографияны насихаттаудан немесе үгіттеуден тұратын баспа басылымдары, бейнелеу материалдары, кино, фото, аудио және бейне материалдар.

7. Тез бүлінетін тағам өнімдері.

8. Өзінің сипаты немесе бумасы бойынша почта қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін, басқа да почта жөнелтімдері мен почта жабдықтарын былғайтын немесе бүлдіретін заттар.

2. Қазақстан Республикасынан халықаралық почта жөнелтімдеріндегі Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жіберуге тыйым салынған заттар

1. Қол қаруы, атыс қаруы және суық қару, азаматтық, қызметтік қару, оқ-дәрілер, қос қолданыстағы арнайы техникалық құралдар, оларға арналған ж и н а қ т а л ы м д а р .

2. Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар.

3. Ядролық материалдар, радиоактивті, күшті әсер ететін, ойып түсетін, жарылғыш, тез тұтанатын, жару, пиротехника құралдары және басқа да қауіпті з а т т а р .

4. Улар, улы жануарлар, заттар, өсімдіктер мен тұқымдар.

5. Шетелдік валюта және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, сондай-ақ нумизматикалық мақсаттарда жіберілетін ақшалай белгілерді

қоспағанда, күші жойылған бағалы қағаздар (экспорттық почта жөнелтімдерінде)

6. Маралдардың, киіктердің, теңбіл бұғылардың мүйіздері, тұяқтары және панталары, сондай-ақ теңбіл бұғының терісі (экспорттық почта жөнелтімдерінде), Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің дериваттары.

7. Қазақстан Республикасының Конституциялық құрылымын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік және рулық басылымдықты, қатыгездікті уағыздауды, зорлықты және порнографияны насихаттаудан немесе үгіттеуден тұратын баспа басылымдары, бейнелеу материалдары, кино, фото, аудио және бейне материалдар.

8. Аралардан, сүліктер мен жібек құрттарынан басқа, тірі жануарлар.

9. Өзінің сипаты бойынша почта қызметкерлерінің денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін, басқа да почта жөнелтімдері мен почта жабдықтарын былғайтын немесе бүлдіретін заттар.

10. Тез бүлінетін тағам өнімдері.

11. Монеталар, банк билеттері, кредиттік билеттер немесе көрсетушіге берілетін қандай да болмасын құндылықтар, жол чектері, бағалы металдар мен тастар, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдар (хаттарда және бағасы жарияланбаған сәлемдемелерде).

12. Жеткізілетін елге әкелу немесе ол елде айналымы тыйым салынған заттар.

Е с к е р т у

1. * Азаматтық және қызметтік қаруларды сатуға лицензиясы бар дүкендер дайындаушы зауыттардың немесе азаматтық, қызметтік қаруларды жөндеу құқығына лицензиясы бар басқа да заңды немесе жеке тұлғалардың мекен-жайына, сондай-ақ аталған дайындаушы зауыттардың немесе басқа да заңды немесе жеке тұлғалардың - тиісті дүкендердің мекен-жайына жіберетін азаматтық және қызметтік қарулардың жарамсыз бөліктерін айрықша тәртіппен қабылдауға және жіберуге жатады.

Көрсетілген почта жөнелтімдерінің қабылдануы және тапсырылуы тиісті лицензияларды көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

2. ** Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес банкноттарды,

монеталар мен құндылықтарды инкассациялауға және жіберуге құқығы бар заңды тұлғалар жіберетін құндылығы жарияланған хаттар мен сәлемдемелердегі банкноттар, монеталар мен құндылықтар қабылдауға және жіберуге жатады.

Барлық басқа да жөнелтушілерге құндылығы жарияланған хаттардағы күмәнді ақшалай белгілерді банк заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының мекен-жайына жіберуге рұқсат етіледі. Сондай-ақ нумизматикалық монеталар мен коллекцияларды сәлемдемелерде жіберуге рұқсат етіледі.

М а м а н д а р :

Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Жұманазарова А.Б.